Келісемін
Мұнайлы ауданы бойынша
білім бөлімінің ОӘО директорыныың у.м.а
________Б.Зулькарнаева
«03» 09 20__ж

Бекітемін
«№1 жалпы білім беретін мектеп»КММ
директоры ________А.С.Назарова
«__»________20__ж

# 2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық-психологиялық қызметі бойынша жылдық жоспары

Дайындаған: Досжанова Г.Н.
Жәкенова Ә.Қ.

2024-2025 оқу жылы

**«№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2023-2024 оқу жылы бойынша педагог-психологтардың жылдық жұмысына SWOT –талдауы**

**1.Мықты жағы**

№1 жалпы білім беретін мектеп 2023-2024 оқу жылын 1292 оқушы, 53 сынып комплектісімен бастап, 1275 оқушымен аяқтады. Негізгі мектеп сыйымдылығы - 480 орындық.

Даярлық тобында – 73 оқушы

Бастауыш сыныптарда- 461оқушы

Орта буын мен жоғары сыныптарда – 814 оқушы

Үйден оқитын оқушы саны- 17

Ерекше білімді қажет ететін оқушылар - 29

Мектебімізде педагог-психолог қызметі бойынша 2 маман жұмыс атқарады.

Жұмыс уақыты : 08: 00-18:30 ға дейін.

1. Досжанова Гулшат Негметуллаевна –І санат
2. Жәкенова Әсемгүл Қалдыбайқызы - санатсыз

Жұмыс барысында басшылыққа алатын құжаттарымыз:

- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйырығна толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин «Білім беру ұйымдарының психологиялық –педагогикалық консилиум ережесі» 2016ж;
- Бала құқықтары туралы Конвенция ;
- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы » Заңы 2011ж
- ҚР «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және бақылаусыздық пен панасыздықтың » алдын –алу;
- ҚР «Білім туралы» Заңы;
- ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы»
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім жәнс ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы;

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы;

Мектептегі психологиялық кызмет-әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.
Қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың көбеюіне байланысты дефектолог, логопед мамандарымыз жұмыс жасап келеді.

Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары, міндеттері және оны жүзеге асыру формалары бойынша біздe 4 бағытта жұмыс жүргізіледі.

1.Психолгиялық диагностика
2. Психологиялық ағарту (профилактика)
3. Психотүзету(психокоррекция)
4. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу

**10 қазан – Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай жүргізілген ақпарат қорытындысы**

Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай 10 қазан күні 7-сынып оқушыларына "Дені сау адам- табиғаттың ең қымбат жемісі" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіру. Қамтылған оқушы саны: 43.
https://www.instagram.com/p/CyN5YMFMGJ0/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

05-06.10.23ж күндері 1 сынып оқушыларына психологиялық тренинг жүргізілді. Мақсаты: психоэмоционалды жағымды жағдай жасау. Оқушылардың қарым-қатынас деңгейін нығайту.Қамтылған оқушы: 56
https://www.instagram.com/p/CyQjZOTIABf/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

09-10.10.23ж күндері мектеп психологтары 5 сынып оқушыларына тренинг жүргізді. Мақсаты: 5 - сынып оқушыларына орта буында, оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету. Қамтылған оқушы: 46 https://www.instagram.com/p/CyQkaVjIPes/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

10- қазан -Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай 13.10 күні 11 сынып оқушыларына мектеп психологтары тимбилдинг ұйымдастырды. Мақсаты: біртұтас команда моделін қалыптастыру, ортада жағымды әлеуметтік-психологиялық климат құру. Қамтылған оқушы саны - 45.
https://www.instagram.com/p/CyVhaaTMYqk/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай 11-қазан күні 2-сынып оқушыларына "Денсаулық-зор байлық!" тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Мақсаты: денсаулық аса қымбат байлық екенін оқушыларға түсіндіру. Салауатты өмір салтын насихаттау. Қамтылған оқушы саны 27.
https://www.instagram.com/p/CyQxwwaM4Qw/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

"Балам - менің баға жетпес байлығым" тақырыбында ата-аналарға мектеп психологтары тренинг жүргізді. Мақсаты: мектеп пен ата-ана байланысын, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Ата-анамен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Қамтылған ата-ана: 18
https://www.instagram.com/p/CydELtUrr1g/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

**Суицидтік мінез-құлықтың алдын – алу мақсатында «Өмірге «Иә» деп айт!» тақырыбында өткізілген психологиялық онкүндіктің қорытындысы**

05.02.24ж.күні аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында "Өмірге "Иә" деп айт! тақырыбында психологиялық онкүндіктің ашылуы өткізілді.Қатысқан – 1-11 сынып оқушылары, мұғалімдер.
https://www.instagram.com/reel/C29l0b-sBOb/?igsh=cmRmeGM5bzE2OXBq

05.02.24ж. күні "Сенімділік күш береді" тақырыбында 11- сынып оқушыларына психологиялық тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушылардың оқу танымдық қабілеттерін, есте сақтау, зейіндерін дамыту, өз - өзіне сенімділіктерін арттыру.Қатысқан – 41 оқушы.
https://www.instagram.com/p/C3HWpNloDWG/?igsh=MWpua2V0Z2ZhdmoyeA==

06.02.2024ж.күні "Өмірге "Иә" деп айт!" тақырыбында өткізілетін психологиялық онкүндіктің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Сенім телефоны" мен "Сенім почтасының" жұмысын жандандыру мақсатында оқушыларға түсінік жұмыстары жүргізілді.Қатысқан – 24 оқушы.
https://www.instagram.com/p/C3Pzhtqsy1_/?igsh=emY5N3Z4dTQ4a3Y2

15.02.24ж күні «Өмірге «Иә» деп айт!» онкүндігі аясында 10 «Ә» сынып оқушыларына « Өмір, сен маған қымбатсың» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Мақсаты: өмірге деген бейімділік, табандылық қарым- қатынаста болуын қалыптастыру, өмірдің құндылықтарын сезіндіру.Қатысқан оқушы:21
https://www.instagram.com/p/C3XnWofMCN9/?igsh=MXJxMzJ2emp3bHk3Mw==

15.02.2024ж күні "Өмірге "Иә" деп айт! тақырыбындағы психологиялық онкүндіктің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Қыз тәрбиесі ұлт- тәрбиесі!" атты 8-сынып қыздарына дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты Қазақ халқының әдет- ғұрып, салт- дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс- тіршілігі барысында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті

сыпайы адамгершілігі мол, білімді жан- жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.Ұйымдастырған Калаганова.А.Қатысқан -23оқушы. https://www.instagram.com/reel/C3YFH9Ysrcb/?igsh=MXA3cDVjMmo0emg5cQ==

15.02.24ж күні "Өмірге "Иә" деп айт!" онкүндігі аясында 5- сыныптар арасында " Мен өмірге құштармын!" тақырыбында сурет байқауы өткізілді.Оқушылар белсенділікпен қатысты.Байқау нәтижесі бойынша оқушылар марапатталды. Қатысқан оқушы: 23https://www.instagram.com/p/C3ZrZ8hsQnz/?igsh=YTIxdTUydzc5M3Q

**Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың алдын-алу мақсатында «ДосболLike» жобасының қорытындысы**

17.01.24 ж.күні мектеп психологтары ЕББҚ оқушылармен тренинг жүргізді. Мақсаты: оқушылардың ішкі жан дүниесін ашуға және өзін еркін сезіне алуға үйрету. Қамтылған оқушы саны: 2,3 сынып оқушылары, 12 оқушы қатысты. https://www.instagram.com/p/C2KbpiTM1V2/?utm_source=ig_web_copy_link

Dosbollike" жобасы аясында 18.01.2024ж күні 6"Д"сыныбына "Салауатты өмір салтын сақтау", 9"Б" сыныбына "Тазалық денсаулық кепілі тақырыбында тәрбие сағатттары өткізілді.
Мақсаты: оқушылардың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әрекеттерден аулақ болуды түсіндіру, насихаттау. Жоба аясында оқушылар тазалық туралы көптеген мәліметтермен танысты. Қатысты: 25 оқушы. https://www.instagram.com/p/C2r2m1sMwp3/?utm_source=ig_web_copy_link

19.01.2024ж күні "Dosbollike" жобасы аясында мектебіміздің әлеуметтік педагогы П. Қалмұрат мұғалімдерге "Отбасылық қарым-қатынас психологиясы" тақырыбына дәріс сабақ өткізді.
Мақсаты: оқушыларға қамқорлық жасап, көбірек көңіл бөліп, оқушының сыныптастарымен, отбасымен, ата-анасымен қарым-қатынасына назар аудару, терең үңілу.
Дәріс сабақ арасында мұғалімдерге тренинг те жүргізілді. Керемет көңіл-күйге бөленді. Отбасында қарым-қатынас психологиясының жақсы, тиімді жақтарын бір-бірлерімен бөлісті.Қатысқаны: 12https://www.instagram.com/p/C2wBrFSo78c/?utm_source=ig_web_copy_link

"ДосболLike" науқаны жобасының жоспарына сәйкес "Достық қымбат өмірде" тақырыбында 11 "А,Ә" сынып оқушыларына тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету. Қамтылған оқушы саны: 42. https://www.instagram.com/p/C2hk3wrM6ma/?utm_source=ig_web_copy_link

"Dosbollike" жобасы аясында 23.01.2024ж күні мектеп асханасында әлеуметтік педагог пен мейірбикелер бірігіп "Жанпай тамақтан улану және жұқпалы аурулардың алдын алу" мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға ас ішер алдында қолды бірнеше рет жақсылап жуу, киімін үсті-басын таза ұстауын, асты дұрыстап, асықпай уақытылы ішу керектігі және зиянды тағамдарды жемеу керек екендігі ескертіліп, айтылды.

Қамтылған оқушы саны: 180 оқушы. 2-3 сыныптар.
https://www.instagram.com/p/C2r2_gWsOqC/?utm_source=ig_web_copy_link
"ДосболLike" науканы жобасының жоспарына сәйкес "Дос болайық бәріміз" тақырыбында 3 "Г" сыныбына тренинг өткізілді.Мақсаты: адамның бойында болатын достық сезім қасиеттері, қастерлі сезім екендігіне көз жеткізу. Достық сезімді бойларына сіңіріп, оған басшылық жасай білуге тәрбиелеу.Қатысқан оқушы: 23
https://www.instagram.com/reel/C2rAZOBIi0H/?utm_source=ig_web_copy_link

29.01.24ж.күні "Оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін арттыру" тақырыбында 6 "Г" сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың қарым-қатынастарын арттыру. Қамтылған оқушы саны: 22. https://www.instagram.com/reel/C3EqsIModHK/?utm_source=ig_web_copy_link

30.01.24ж күні мектеп психологтары "ДосболLike" науқаны жобасының жоспарына сәйкес "Үй Адам Ағаш" тақырыбында 6 "Г" сыныбына проективті тесті өткізілді.Мақсаты: тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді.Қатысқан оқушы: 23
https://www.instagram.com/reel/C2wBNtmIAoc/?utm_source=ig_web_copy_link

14.02.2024ж күні "ДосболLike" акциясы аясында мектеп парламенті Өзін-өзі басқару ұйымы "Дос туралы мақал айту"сайысы ұйымдастырды.
Мақсаты: Оқушылардың достық туралы ұғымын кеңейту, достық қарым-қатынасына ықпал ету.
Қамтылған оқушы саны: 12 https://www.instagram.com/reel/C3XMPxusV9Z/?utm_source=ig_web_copy_link

Ақиық ақын М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған "Екі жұлдыз" әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды.Кешке 6 жұп қатысты.Бірінші бөлімде ақынның өлеңдері мен поэмаларынан мәнерлеп оқыса, екінші бөлімде әндерін орындады.Қамтылған оқушы саны - 73,мұғалім - 13.
https://www.instagram.com/reel/C3XPkazMimu/?utm_source=ig_web_copy_link

Ақпан айында мектепішілік «Психикалық денсаулық және жасөспірім» тақырыбында жоба жасақталып, бұйрығы шығарылды. Жоба аясында оқушылармен, арнайы маманмен, ата-аналармен жоспар сәйкес жұмыстар жүргізілді. Келесі оқу жылында да жоба бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

**2. Әлсіз жағы.**

Біздің жасаған жұмысымыздың әлсіз жағы ретінде психологтарда талапқа сай 3 кабинет болуы тиіс. Бізге берілгені 1 кабинет. Бірақ психология кабинетін 2-ге бөлдік. Әліде кабинет жетпейді. Себебі мектебіміздің көлемінің кішілігіне байланысты. Тренинг кезінде кабинеттің жетіспеуіне байланысты акт залдың бос кезін қарап , сол кезде ғана өткіземіз. Сауалнама, тренинг, хат алмасу, есеп тапсыру , анализдеу жалпы жұмыс барысында уақытта, қағаздың да көптеп кетуі де кедергі келтіреді. Биылғы оқу жылында 8 сыныптардан сауалнама барысында төтенше жағдайға енген оқушы анықталмады. Қауіп катерге енген 3 оқушы болды.7 сыныптан «Оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау» сауалнамасы бойынша қауіп-қатер тобына енген оқушы болмады.9 сыныпта «Депрессия шкаласы» сауалнамасы бойынша 12 қауіп-катер оқушы анықталды. 10 сыныптан «Мінез акцентуациясы» сауалнамасы бойынша 4 қауіп-қатер оқушы анықталды. 11 сыныптан «Депрессия.Невроз.Стреске төзімділік» сауалнамасында қауіп-катер оқушы анықталған жоқ. Дегенменде жұмыстар өз кезегімен жүргізіліп отырды.

**3. Мүмкіндіктер.**

Психологиялық зерттеу жұмыстарының арқасында көптеген келеңсіз жағдайлардың алдын-алуға , мектепте оқушылар мен жеке зерттеулердің жүргізілуіне ата-аналардың дұрыс көзқараста болуы және бүкіл ұжымның бірлесе жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы мектеп алдындағы өте күрделі мәселе , ол оқушының жеке тұлғасын мектеп ортасында жан-жақты дамыту дамыту, білім берудің басты өзгерісі –мектептің іс-әрекетіне басқаша тұрғыда ықпал етуді талап етеді , мұның дәлелі қазіргі кезде мектептерде жүйелі түрде жүргізіліп жатқан психологиялық-педагогикалық жұмыстар .Қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың көбеюіне байланысты дефектолог , логопед мамандарының мектепте болуы қажет деп есептейміз.

**4. Қауіп-қатер.**

Жұмыс барысында мұғалімдер арасында сауалнама алуға, жеке сұхбатқа шақырған оқушыларды сабақ барысында сұраған кезде қарсылық танытатын ұстаздар болды. Ата-аналар тарапынан қарсылық болды, себебі психология саласына деген түсініктері қалыптасу үстінде.

## Мұнайлы ауданы, №1 жалпы білім беретін мектептің психологиялық қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

**Мақсаттар:** барлық оқу үрдісіне қатысушылардың, педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға қолдау көрсету.

**Міндеттер**:

1. Білім беру ұйымында әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық талдау, негізгі проблемаларды анықтау және оның туындау себептері мен шешу жолдарының әдіс-тәсілдерін анықтау;
2. Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
3. Білім алушылардың тұлғасын психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;

| № р/с | Іс-шаралар | Жұмыстың бағыттары | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Орындалу нысаны | Жауаптылар | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Келісім алу | профилактика | 1-11 сынып | Қыркүйек | Келісім хат | Педагог-психолог | Анықтама |
| 2 | «Керн-Йирасек» | диагностика | 1-сынып | қазан- қаңтар | тест | Педагог-психолог | Анықтама, мониторинг, педагогикалық отырыста талқылау |
| 3 | «Оқу мотивациясын анықтау» (Н.Г.Лусканова) | диагностика | 5-сынып | Қазан | тест | Педагог-психолог | Анықтама, мониторинг, педагогикалық отырыста талқылау |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау» (А.Н.Андреева - Спилбергер) | диагностика | 7 сынып | Қазан | сауалнама | Педагог-психолог | Анықтама, мониторинг |
| 5 | 1,5 сынып ата-аналарына психологиялық кеңес | профилактика | Ата-аналар, сынып жетекшілер | қыркүйек | Кеңес | Педагог-психолог | Анықтама |
| 6 | «Тәуекел топ, қиын баламен жұмыстар бойынша көмек беру» | түзете-дамыту | Сынып жетекшілер | Қараша | тренинг | Педагог-психолог | Талдау |
| 7 | Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестері мен тұлғалық - мотивациалық аймағын дамыту | профилактика | 3-4 сыныптар | қыркүйек | Топтық жаттығулар | Педагог-психолог Сынып жетекшілер | Талдау |
| 8 | «Депрессия деңгейі» Э.Бек | диагностика | 8 сынып | қараша | Сауалнама | Педагог—психолог Әлеуметтік педагог | Анықтама |
| 9 | «Жетістікке жету мотивациясы» (Т.Элерс) | диагностика | Жас мамандар | қазан | тест | Педагог-психолог | Анықтама, пән бірлестік отырысында талқылау |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 10-сыныптардың бейімделуіне қолдау көрсету | профилактика | 10-сынып | қазан | Тренинг жаттығулары | Педагог-психолог | Талдау |
| 11 | «Үй.Адам.Ағаш» | диагностика | 2-4 сыныптар | Қазан-қараша | проективті тест | Педагог-психолог | Анықтама, ата-аналар жиналысы |
| 12 | «Менің көңіл күйім» | түзете-дамыту | 5-сыныптар | қазан | тренинг | Педагог-психолог | Талдау, сынып жиналысында талқылау жүргізу |
| 13 | «Дүниежүзілік психикалық денсаулық» | Түзету-дамыту | 1-11 сыныптар | Қазан | Топтық жұмыстар, тренинг жаттығулар | Педагог-психолог | Анықтама, талдау |
| 14 | «Филипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау әдістемесі » | диагностика | 6сынып | қараша | тест | Педагог-психолог | Анықтама , сынып жетекшілер жиналысы |
| 15 | Мектептегі зорлық-зомбылықтың және қаталдықтың алдын алу әдістері | түзете-дамыту | 5- 7 сыныптар | Қараша | Топтық жұмыстар, Сауалнама, Ата-ана жиналысы | Педагог-психолог ТЖО, Әлеуметтік педагог | Анықтама, талдау, мониторинг жүргізу |
| 16 | Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған | түзете-дамыту | 1-4 сыныптар | Қараша | Топтық жаттығулар | Педагог-психолог | Ақпарат , талдау |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ойындар мен жаттығулар | | | | | | |
| 17 | Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары | профилактика | ЕББҚ оқушылар | қараша, ақпан | Топтық жаттығулар | Педагог-психолог Дефектолог Логопед | Талдау, мониторинг |
| 18 | Л. Йовяйшидің белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау әдістемесі (Г.В. Резапкинаның модификациясы) | диагностика | 9-11 сыныптар | желтоқсан | сауалнама | Педагог-психолог | Анықтама, мониторинг |
| 19 | «Профиль» әдістемесі («Қызығулар картасының» модификациясы) | диагностика | 6 сыныптар | желтоқсан | тест | Педагог-психолог | Анықтама, мониторинг |
| 20 | «Менің қалауым—менің болашағым» | профилактика | 9-11 сыныптар | желтоқсан | Топтық тренингтер | Педагог-психолог | Талдау, сынып жиналысы |
| 21 | «Көңіл- күйінді көтеріп, қуана біл!» Аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алу | профилактика | 7-8 сыныптар | желтоқсан- | Топтық жаттығулар, сабақтар | Педагог-психолог Әлеуметтік педагог | Талдау, ақпарат |
| 22 | «Мейірімді болса жүрек-орындалар | профилактика | 6-8 сыныптар | желтоқсан | Тренинг, дөңгелек | Педагог-психолог | Талдау, ақпарат |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тілек» | | | | үстел | | |
| 23 | Оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін арттыру | Түзете-дамыту | 6-7 сыныптар | Қаңтар-ақпан | Топтық тренингтер | Педагог-психолог | Талдау жасау |
| 24 | «Ата-аналармен ашық есік күні» ата-аналармен кездесу | Психологиялық кеңес | Ата-аналар | қаңтар | тренинг, кеңестер | Педагог-психолог, ТЖО, Әл. педагог, сынып жетекші | Ата-аналар жиналысы, хаттама |
| 25 | Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың алдын алу | «ДосболLike» айлық жобасы | педагогтар, оқушылар | Қаңтар | Тренинг, дөңгелек үстел, топтық жұмыстар | Педагог-психолог, ТЖО, әлеуметтік педагог, тәлімгер | Талдау, ақпарлама |
| 26 | «Өмірге «Иә» деп айт!» | Психологиялық апталық | Ата-аналар, педагогтар, оқушылар | Ақпан | Кездесу, тренингтер, дөңгелек үстелдер | Педагог-психолог, ТЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекші | Талдау, ақпараттар |
| 27 | «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты | профилактика | 8-10 сыныптар | Өз кезегінде | Семинар-тренингтер | Педагог-психолог, ТЖО, | Талдау, ақпарлама |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | болдырмау» | | | | | Әлеуметтік педагог | |
| 28 | Зиянды әдеттерден арылудың алдын алу | түзете-дамыту | 6-11 сыныптар | Уақытымен | Топтық жаттығулар, кеңестер (қажетті жағдайда) | Педагог-психолог ТЖО, әл. педагог, мектеп инспектор | Ақпарат , талдау |
| 29 | Ерте жүктілік және жыныстық тиіспеушілік | Профилактика, түзете-дамыту | 9-сынып 11-сынып | ақпан | Топтық жаттығулар | Педагог-психолог | Ақпарат |
| 30 | «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі" | профилактика | Ата-аналар | ақпан | тренинг | Педагог-психолог ТЖО, сынып жетекшілер | Талдау, ата-аналар жиналысында талқылау, |
| 31 | Білім сапасын көтеру мақсатында оқушылармен психологиялық жаттығулар (Үлгермеуші оқушылармен) | Түзете-дамыту | 1-11 сыныптар | Әр тоқсанда | Тренинг жаттығулар, кеңестер | Педагог-психолог ТЖО, сынып жетекшілер | Талдау, |
| 32 | Педагогтарға психологиялық қолдау | Профилактика | Педагогтар | Наурыз | Тренинг | Педагог-психолог | Талдау |
| 33 | Қол моторикасын дамыту жаттығулары | түзете-дамыту | 1-4 сыныптар | сәуір | Топтық/жеке жұмыстар | Педагог-психолог | Талдау, ақпарат |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 34 | «Менің болашақ мамандығым» | профилактика | 9-11 сыныптар | сәуір | Топтық жұмыс | Педагог-психолог Әлеуметтік педагог | Талдау, Ақпарат |
| 35 | «Қатігездік пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» | профилактика | Ата-аналар | сәуір | Тренинг | Педагог-психолог ТЖО, сынып жетекшілер | Талдау. Ақпарат |
| 36 | «Қорытынды аттестаттауға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау» | профилактика | 9, 11-сыныптар | мамыр | тренинг | Педагог-психолог | Талдау, Ақпарат |
| 37 | Әлеуметтік , психологиялық ахуалдың алдын алу | Психологиялық кеңес | Ата-аналар Оқушылар Педагогтар | Жыл бойы | Кеңес беру, сұхбат | Педагог-психолог Әлеуметтік педагог | Сұраныс |
| **Психологиялық қызметтің жартыжылдық және жылдық қызметі туралы талдамалық есептер** | | | | | | | |

Жоспар жасақтаған: Досжанова Г

Жәкенова Ә

**Бекітемін**
**«№1 жалпы білім беретін**
**мектеп» КММ директоры ____________ А.С.Назарова**
**«01. 09» 2024ж**

**2024-2025оқу жылының психологиялық қызметтің қыркүйек айының жұмыс жоспары**

| № | Жасалатын жұмыс | Түрі | Кіммен | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Келісім алу | Келісім хат | Ата-аналар | 05-20.09.24ж |
| 2 | «Керн Йиерасек» | Тест | 1-сынып | 23-25.09.24ж |
| 3 | 1,5 сынып ата-аналарымен жұмыс | Кеңес | Ата-аналар | Уақытында |
| 4 | Бастауыш сынып оқушыларының танымдык процестері мен тұлғалық – мотивациялық аймағын дамыту | Топтық жаттығу | 3-4 сыныптар | 26-30.09.24ж |

**Жоспар жасақтаған:** **Педагог-психологтар**

**Бекітемін**
**«№1 жалпы білім беретін**
**мектеп» КММ директоры** ____________ **А.С.Назарова**
**«_01.10_» 2024ж**

**2024-2025 оқу жылының психологиялық қызметтің қазан айының жұмыс жоспары**

| № | Жасалатын жұмыс | Түрі | Кіммен | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Оқу мотивациясын анықтау» | Сауалнама | 5 сынып | 01-04.10.24ж |
| 2 | «Бірінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңі» | Тренинг | 1 сынып | 07-10.10.24ж |
| 3 | 10-сыныптардың бейімделуіне қолдау көрсету | Тренинг | 10 сынып | 11.10.24ж |
| 4 | «Оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау» А.Н.Андреева-Спилбергер | Сауалнама | 7 сынып | 14-18.10.24ж |
| 5 | «Жетістікке жету мотивациясы» (Т.Элерс) | Тест | Жас мамандар | 21.10.24ж |
| 6 | «Менің көңіл күйім» | Тренинг | 5-сыныптар | 22-24.10.24ж |
| 7 | «Үй.Адам.Ағаш» | проективті тест | 2 сынып | 28-31.10.24ж |

**Жоспар жасақтаған:** **Педагог-психологтар**

**Бекітемін**
**«№1 жалпы білім беретін**
**мектеп» КММ директоры ___________ А.С.Назарова**
**«__07.10__» 2024ж**

**10-қазан-Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай өткізілетін іс-шаралар жоспары**

| № | Жасалатын жұмыс | Түрі | Кіммен | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Денім сау болсын десең..» | Дөңгелек үстел | 7 сынып оқушылары | 10.10.2024ж |
| 2 | «Менің көңіл күйім» | Тренинг | 5 сынып оқушылары | 11.10.2024ж |
| 3 | «Менің өмірім –менің жарқын болашағым» | Тимбилдинг | 11 сыныптар | 14.10.2024ж |
| 4 | Денсаулық зор байлық | Кинотренинг | 4 сыныптар | 14.10.2024ж |

***Жоспар жасақтаған:*** **педагог-психологтар**

**Бекітемін**
**«№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ директоры ______________ А.С.Назарова**
**«01.11______» 2024ж**

**2024-2025 оқу жылының психологиялық қызметтің қараша айының жұмыс жоспары**

| № | Жасалатын жұмыс | Түрі | Кіммен | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Тәуекел топ, қиын баламен жұмыстар бойынша көмек беру» | Тренинг | Ішкі есептегі оқушылармен | 04.11.24ж |
| 2 | «Депрессия деңгейі» Э.Бек | Сауалнама | 8-11 сыныптар | 05-13.11.24ж |
| 3 | «Филипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау әдістемесі» | Тест | 6 сынып | 14-15.11.24ж |
| 4 | Мектептегі зорлық-зомбылықтың және қаталдықтың алдын-алу әдістері | Топтық жұмыстар, сауалнама | 7 сыныптар | 18-20.11.24ж |
| 5 | Қорқыныш сезімнен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар | Топтық жаттығулар | 2,4 сыныптар | 21-27.11.24ж |
| 6 | Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары | Топтық жаттығулар | ЕББҚ оқушылар | 28-29.11.24ж |

**Жоспар жасақтаған:** **Педагог-психологтар**